

МӘШҲҮР ЖҮСІП ЖӘНЕ АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕСІ

“Бүгінгі қазақ мектептеріндегі адамгершілік тәрбиесі мәселелері Адамгершілікке тәрбиелеу құралы — өңбек пен ата-ана үлгісі”

Ыбырай Алтынсарин

Біздің жоғары технологиялар дамыған заманымызда жасөспірімнің адамгершілік тәрбиесі мәселесі елеулі орын алатыны сөзсіз. Елбасымыздың «Болашақта өңбек етіп, өмір сүретін мұғалім оларды қалай тәрбиелесе, Қазақстан сол деңгейде болады. Сондықтан да ұстазға жүктелетін міндет өте ауыр»-деген сөздері үлкен жауапкершілікті жүктейді. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында да қоғамның дамуы мен экономиканың бәсекеге қабілеттілігі жоғарғы деңгейге көтерілуі білім берудің сапасын арттыруға тікелей байланысты екендігі көрсетілген. Елбасы Қазақстан халқына Жолдауында “бәрі мектептен басталады” деп атап айтқан болатын. Сондықтан да, педагогикалық кадрлар даярлау, оның сапасын жетілдіру, заман талабына сай жаңа тұрпатты мұғалім даярлау бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі.

Адамға қойылатын басты талап — асыл да ізгі адамгершілік қасиеттерді бойына сіңірген, ұлағатты азамат болып шығу. Өйткені адам — өзінің адамгершілігімен, қайырымдылығымен, адалдығымен және әділеттігімен ардақты. Адамгершілік — адамның рухани арқауы. Жомарттық, батылдық, шыншылдық, сыпайыгершілік, әділдік пен достық, ар мен намыс және тағы басқа да адамгершілік категориялары сонау көне дәуірден басталып, күні бүгінге дейін өз маңызын еш жоғалтпай келеді. Сондай-ақ, адамзаттың ішкі рухани адамгершілік дүниесінің негізгі формалары — үміт, сенім және махаббат үнемі даму үстінде.

Өл-Фараби, Жүсіп Баласағұн, Махмұт Қашқари сияқты қазақ даласының даналары, Абай Құнанбаев, Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсарин тәрізді ұлы ойшылдар, Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытов, Ш.Құдайбердиев, М.Дулатов, А.Байтұрсынов секілді ұлтымыздың ұлы перзенттері,



оқуға ынталы» [3], - деп халықтың білімге деген қызығушылығы бар екенін жеткізеді. Мәшһүр Жүсіпте: «Ғылым еркекке, ұрғашыға бірдей керекті нәрсе» - деп, ғылым мен білімнің көпке ортақ байлық екенін түсіндірді. Ал Әмен ақын болса:

Жастықта ізде білім, оқы сабақ,
Ашылмас оқымасаң көз бен қабақ.

Бос қалсаң хат танымай, бозбалалар

Біз оны деп айтамыз арамтамақ.
Баланы бер оқуға сол жасынан.
Жұғады білім бойға төрт нәрседен.

Ата-ана, бала, молла ықыласынан, - деп оқырманға ой тастайды. Бір қызығы Әмен ақынның оқу-білімге, өнерге, адамгершілікке, ауызбірлікке, жалпы рухани және мәдени жаңғыруға арналған өлеңдері Мәшһүр Жүсіптің идеясымен үндес келіп отырады.

Адамгершілік — адам бойындағы гуманистік құндылық, әдеп ұғымы. «Кісілік», «ізгілік», «имандылық» тәрізді ұғымдармен мәндес. Адамгершіліктің белгілерін атап өтер болсақ: адамды қастерлеу, сыйлау, сену, ар-ұятты сақтау, имандылық пен рахымдылық, ізеттілік пен кішіпейілділік, әділдік, қанағатшылдық т.б.

мен оқушылардың бойында адамгершілік қасиеттер қайдан келсін. Бұл сәті келгенде айтыла жатар ой өрнектері ғой. Ақиқатына келер болсақ адамгершілікке, еңбекке тәрбиелеу күнделікті өмірде, үлкендердің қолдан келетін жұмысты ұйымдастыру процесінде, ойын және оқу ісінде жоспарлы түрде іске асады.

Жас ұстаздардың есіне мақал-мәтелдер, жұмбақ, айтыс, өлеңдердің адамгершілік тәрбиенің арқауы екенін ескерткім келеді. Мақал-мәтелдер адамгершілік тәрбиенің арқауы. «Иесін сыйлағанның — итіне сүйек сал», «Үлкейіп барып, сыпайыны көр, кішірейіп барып, шынайыны көр», «Жаман дос, жолдасын қалдырар жауға» — деген мақалдардан көруге болады. В. С. Кукушкин өр түлғада болатын: өзін-өзі тану; өзін-өзі көрсету; өзіне-өзі сену; өзін-өзі анықтау; өзін-өзі іске асыру; өзін-өзі реттеу және т.с.с. үрдістердің мәні мен маңызы зор екенін көрсетеді. Өзін-өзі реттеу өрісі - жеке тұлғаның ар-ұят, өзін-өзі бағалау, өзін-өзі сынау, басқалармен салыстыру, өзін-өзі тануы, өзіне-өзі есеп беруі, бәрі қосылып өзін-өзі мінез-құлқын, жүріс-тұрысын реттеуге жеткізеді. Ы.Алтынсарин: «Егер балалар бірдеңені түсінбейтін болса,

•Неге?

•Бағдарламадан қалып қойдық немесе комиссия келеді дайындық...

Бұл оқушыға керек пе әлде ұстазға керек пе? Біз бүйтіп жүріп адамгершілігі жоғары оқушы емес, робыт тәрбиелеп шығарамыз. Себебі оқушы сана сезімін қалыптастырғанның орнына ұстазға жағу үшін тез жаттап алуға дағдыланады. Бірақ әрі кетсе бір екі аптадан соң ұмытып қалады. Өттең тақырып адамгершілік тәрбиесі болғандықтан бұны кейінгіге қалдыра тұралық. Болашақта мен бұл мәселелерді республикалық газет журнал беттеріне арнайы көтеретін боламын.

Халқымыз «Әкеге қарап ұл өсер, шешеге қарап қыз өсер» деп, бала тәрбиелеуші ата-аналардың да өнегелі болуын талап еткен. Отбасының, қоғамның тәрбиесі аналарға байланысты екеніне ерекше мән берген, қыздың көркіне ақыл-ойы мен мінез-құлқының сай болуын қадағалаған. «Қыз қылығымен сүйкімді», «Қызым үйде, қылығы түзде», «Қысыла, қысыла қыз болдым» деген мақал-мәтелдер үлкен жауапкершілік жүктейді. «Қыз өссе — елдің көркі» деу арқылы арлы, инабатты, сымбатты қызды бүкіл ауыл-аймақ

өнер, әдептілік сабақтарының мазмұнын байыта түсу қажет? деп ойлаймыз. «Ақыл, қайрат, жүректі бірге ұста, сонда толық боласың елден ерек», деп Абай атамыз текке айтпаған. Егер бала жүрегіне жол тапқымыз келсе, үлгілі ұстаз бен ата ана болайық.

Оқушының бойындағы адамгершілік қасиеттерді анықтау қиын емес. Тек сол сарқырап аққан мөлдір судың арнасын табу қиынырақ болмақ. Себебі бүгінгі оқушы өте ұяң. «Ішімдегімді тап» деп тұрады. Бірақ көптеген ұстаздар қызбалыққа салынып, кішіпейіл болғанның орнына мінез көрсетуге даяр тұрады. Жалпы оқушының адамгершілік мүмкіншіліктерін саралап көрелік:

1. Адамгершілік мүмкіншілігі:

•Өзге адамдармен қарым-қатынас орната білу.

•Үлкенге ізет, кішіге құрмет көрсете білу.

•Отанға, қоғамға, ортаға деген сүйіспеншіліктің болуы.

•Сөйлеу мәдениетінің жоғары болуы.

•Дұрыс жүру, тәртіпті болу, орынды ойнау, айқайламау т.б.

2. Рухани мүмкіншілік:

•Әдеп пен әдет сақтау.

•Ұлттық салт-дәстүрге деген қызығушылығының болуы.

•Өнерге ұмтылыс, білуге талпыныс.

•Имандылықты жүректе ұстау.

•Көп оқуға талпыну.

•Қоғамдық жұмыстарға, мәдени кештерге ат салысу.

3. Танымдық мүмкіншілік:

•Білім-білік дағдысы.

•Оқушы іскерлігі.

•Ұйымдастыру қабілеті.

•Ізденімпаздық қабілеті.

4. Шығармашылық мүмкіншілік:

•Өзін-өзі басқару.

•Жан-жақты қызығушылық.

5. Мәдени мүмкіншілік:

•Жылдам, тез ойлау қабілеті.

•Белсенділік.

•Іскерлігі мен дағдысы.

Оқушыларды адамгершілікке тәрбиелеудегі педагогикалық іс-әрекет:

1. Тәрбие үрдісі, адамгершілік құндылықтарды шәкірттердің игеруіне арналуы;

2. Адамгершілік құндылықтардың оқушылардың өздері көріп, іскерлік қағидаларын игеруге бағыттауы;

3. Жеке тұлғаның және әлеуметтік

дай Алтынсарин тәртізді ұлы ойшылдар, Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытов, Ш.Құдайбердиев, М.Дулатов, А.Байтұрсынов секілді ұлтымыздың ұлы перзенттері, Ә.Нысанбаев, Д.Кішібеков, Т.Есім, Т.Ғабитов, Ә.Қалмырзаев және т.б. философтар адамгершілік құндылықтарды терең тануға ұмтылыстар жасады. Жүсіпбек Аймауытов: «Кісі туғаннан-ақ белгілі бір өнерге, қызметке икем болады, басқаша айтқанда әр адамға бір нәрсеге талап, қабілет әкі зеректік болды. Біреу бала оқытуға, біреу етік тігуге, біреу әкім болуға, біреу әскерлікке, біреу жазушылыққа, біреу дәрігерлікке, біреу саудаға, біреу сөзге, біреу дауға ыңғайланып жаралады. Өмірде түк жұмысқа икемі жоқ жан сирек болады...» деп, адам табиғатындағы туа біткен дарынды, ерекшелікті дамыту қажеттігін сөз етеді. Сол дарындылық адамгершіліктің шырқау шыңы болса керек. Қоғамның басты байлығы адам және оның өмірі болғандықтан, оқушының адамгершілік тәрбие алуы заңдылық болмақ. Дана қазақ әу бастан: Өзіміз болма көпті ардақта, Адамның бәрі өз халқың-деп [1] Шәкәрім Құдайбердіұлының сөзімен өсірген.

Білімді уағыздаған тұлғалар мен сол салада маңдай терін төккен жандар да халық педагогикасының асыл мұраларына сүйенуді мақсат тұтқан. Мұхаммед Әмен ақында:

Балалар, сабақ оқы көңіл қойып,
Жастықты жібермеңдер текке жойып.

Жетілсең ғылым-білім пәндеріне,

Қаларсың дүние ахирет нұрға тойып [2], деп білімге шақырады. Білімді ұрпағы бар ел ғана өркениетке қол соза алатынын ерте түсінген ақын, өзі өмір сүріп отырған ортаны сынай келе, білім беру жүйесіне елеулі өзгерістер керек екенін ашық айтты. «Алланың құр қалдырмай олжасынан», -дей келе Әмен ақын «балаларға молдадан гөрі көзі ашық оқыған жандардың дәріс бергені жөн болар», дегені дәлел. Бұл Мәшһүр Жүсіп сынға алған «ноғай молдалары» немесе «күн көріс үшін құран оқығандар» деп дүмше молдалары айтса керек. Қошқе Кемәңгерұлы: «Ел

өтер босақ: адамды қастерлеу, сыйлау, сену, ар-ұяқты сақтау, имандылық пен рахымдылық, ізеттілік пен кішіпейілділік, әділдік, қанағатшылдық, т.б.

Өркениетті елдерде білім берудің өзекті мәселесі жас ұрпаққа-адамгершілік-рухани тәрбие беру. Құндылықтар мен ар намыс мәселесі осы адамгершілік қасиеттердің оқушының бойына ерте қалыптасуымен байланысты. Дана халқымыз: «Ағаш тұзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деп тауып айтса керек. Расында да ағаш болсын өсімдік болсын күтіп бақпасаң шықпасы анық. Демек баланың бойына ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, яғни адамгершіліктің құнды қасиеттерін ерте қалыптастырған абзал. Ұстаз бен ата ана, оқушының бойына адамгершілік қасиеттерін өзінің көркем мінезімен және болмысымен жеткізе алары хақ. Бала кішкентайынан бұйыра сөйлегенді ұнатпайды. Сондықтан да оның мінезіне сай қарым-қатынас қалыптастырған жөн. Үйретемін деп жалаң сөзбен жалықтырып алмағайсыз. Бұл арада ескерте кетер бір жәй, қазіргі ата ана тек баласын қаржыландырушы ғана. Ал тәрбиелеуші ұстаз. Ата ана баласына кіне таққан ұстазды ұнатпайды. Мүмкін бұл табиғи заңдылық болар. Дегенмен де біз мектепте оқығанда «әке шешен айтатын» дегенде зәре құтымыз қалмайтын. Ата-ана мен ұстаз біріге отырып оқушыны тәрбиелейтін. Ал бүгінде бұл қағида жоқ. Әлде оқушы ақылды ма, әлде ұстаз оны қызықтыра алмай ма ол жағы беймәлім. Біз жас ұстаздарды қатты ұстауға тырысамыз. «Аязда жұмыста болуың керек», «Бес-он минут кешіксең жұмыстан шығасың» деген бұйрық райлы сөздер ешқандай конституцияда көрсетілмеген. Себебін анықтап жатпай жұмыстан қууға асығамыз. Ағайын-ау сізде жас болдыңыз. Сізге талай қателестіңіз. Біз ұстаздар жағдай тудырмай, олардан адамгершілікке тәрбиелеуді талап ете алмаймыз. Қорқыныш пен үрей және қаптаған бюрократиялық қағаздарды толтырумен жүрген мектеп ұстаздары

тыры, өзін-өзі тануы, өзіне-өзі есеп беруі, бәрі қосылып өзін-өзі мінез-құлқын, жүріс-тұрысын реттеуге жеткізеді. Ы.Алтынсарин: «Егер балалар бірдеңені түсінбейтін болса, онда оқытушы оларды кінәлауға тиісті емес, оларға түсіндіре алмай отырған өзін кінәлауға тиіс», деген болатын.

Шынында да біз оқушының бойында адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру үшін, өз өзіне деген сенімін оятуымыз керек. [4].

Адамгершілік тәрбиесі – тәрбие бағыттарының ішіндегі ең күрделісінің бірі. Адамгершілік тәрбиесінде дінге сүйенбеу мүмкін емес. Адамгершілік заңы Аллаһтың адам баласына түсірген кітаптарының негізінде жатыр. Адам баласының жалған дүниеде және ахиреттегі бақытқа қауымдастыратын керекті өнегелердің нелерден тұратындығын білдіріп, құлшылық міндеттерін түсіндіреді [5].

1994 жылы Қазақстан Республикасы БҰҰ «Балалардың құқықтары туралы» конвенциясын бекіткеннен бастап балаларды қорғауға арналған, халықаралық құқықтардың негізгі ережелерін қызмет етіп келе жатқан заңнамаға енгізу бойынша үлкен жұмыстар атқарылды. Бірақ біз көбінесе мектептің көрсеткіштеріне көп көңіл бөліп, конвенцияда көрсетілген мәселерді қадағаламаймыз. Тіпті кейбір ұстаздарда аталмыш конвенция жоқ десем, ешкім сенбес еді. Бірақ ақиқаты да осы. Әйтпесе тест, олимпиада деп балалардың басын текке қатырып, түстен кейін шақырып, жанталасамыз. Ал ол бір-ақ күндік. Өтті, бітті. Оданда оқушылардың жүйкесі мен денсаулығын ойлағанымыз абзал еді. Бұл мәселе төңірегінде айтатын сөз көп... Ауа райының кесірінен оқу бағдарламасынан қалдық деп жан шырған мектеп әкімшілігі мен оқу, ағарту бақармалары енді ғана адамгершілік қасиеттерді бойына қалыптастырып келе жатқан бастауыш сынып оқушыларын сабақтан тыс кинамаса екен. Әйтпесе сабақтан енді үйге келген оқушы, шөп ішер ішпестен қайтадан мектепке кеттім деп өлек салады.

•Кім шақырды.

•Бөленбай ұстаз шақырды?

Қызыл қыз сәлдім» деген мақал-мәтелдер үлкен жауапкершілік жүктейді. «Қыз өссе – елдің көркі» деу арқылы арлы, инабатты, сымбатты қызды бүкіл ауыл-аймақ болып тәрбиелеуді меңзейді [6]. Ата-аналарымыз қай заманда болсын тәлім-тәрбиеге ерекше көңіл бөлген. Және ұл мен қыздың тәрбиесіне бөлекше қараған. «Қызың өссе ұлы жақсымен, ұлын өссе, қызы жақсымен ауылдас бол» деген де біздің бабаларымыз. Осы сөздердің тамырына үңілсек, тәрбиенің ананың құрсағы, отбасының бесігінен басталатынын аңғару қиын емес.

Бүгінгі адамгершілік тәрбие мен ата ананың жағыдайын, өз заманында дан Абай былай деп, қара сөзінде сипаттап еді: «әуел баланды өзің алдайсың: «Әне, оны берем, мұны берем» деп. Баста баланды алдағаныңа бір мез боласың. Соңы... балаң алдамшы болса, кімнен көресің? «Боқта» деп біреуді боқтатып, көпірқияңқы, осыған тимендерші деп, оны масаттандырып, әбден тентектікке үйретіп қойып, сабаққа бергенде, молданың ең арзанын іздеп, хат таныса болады деп, қу, сұм бол деп, пәленшенің баласы сені сыртыңнан сатып кетеді» деп тірі жанға сендірмей, жат мінез қылып, осы ма берген тәлімің? Осы баладан қайыр күтесің бе?!». Дәл қазір бір-бір отбасының төрелері Абайдың мысалындай тәрбиеленіп жатқанында ешкімнің таласы жоқ.

Адамгершілік тәрбиесі бағыты бойынша 8-10 сынып оқушылары арасында «Армысың өз, Наурыз», «Ардақтайық қасиетті Ананы», «Үлкенге құрмет – кішіге ізет», «Ана тілім – ардағым», «Ұстазға тағзым етейік» атты тақырыптарында концерттік бағдарламалар мен ашық тәрбие сағаттары өткізілсе, бастауыш сынып оқушыларымен бірге «Ақылдың кені-асыл сөз», «Абай дана – Абай дара», «Біз еліміздің патриоты боламыз», «Адамға ар-ождан не үшін қажет» тақырыптарында біріккен ашық сабақтар пікірсайыстар өткізілді. Бұның барлығы да бастама ғана. Бір тәрбие сабағымен баланы тәрбиелеу мүмкін емес. Олай болса, адамгершілік құндылықтарды қалыптастырып дамытудағы ойынның, салт-дәстүр,

руине арналуы.

2. Адамгершілік құндылықтардың оқушылардың өздері көріп, іскерлік қағидаларын игеруге бағыттауы;

3. Жеке тұлғаның және әлеуметтік мәні бар әрбір іс-әрекеттеріне, мінез құлықтарын басынан өткізу себебі.

4. Адамгершілік құндылықтарын сабақтан тыс әртүрлі формалар мен әдістер арқылы қалыптастыруды бағдарламаларын жобалау.

Адамгершілігі жоғары оқушы қандай болмақ? Ол:

- Ізгілікті әрі мәдениетті,
- Мейірімді әрі кішіпейіл,
- Әр дайым көмек беруге әзір,
- Өз ісіне жауапты,
- Ана тілі мен салт дәстүрін және ұлт тарихын құрметтейді,
- Сыпайы сөйлесіп, бөрімен тіл табысуға тырысады,
- Қалай дегенмен де жеке тұлғаның өзінің өмірлік құндылықтарына сай қоғамдық қажеттіліктерді қанағаттандыратын тәсілдерді таңдайтынын естен шығармаған жөн.

Ахмет Байтұрсынов: «Мектептің жаны – мұғалім. Мұғалім қандай болса, мектеп сондай болмақшы. Яғни, мұғалім білімді болса, ол мектептен балалар көбірек білім алып шықпақшы. Солай болған соң, ең әуелі мектепке көрегі – білімді, педагогика, методикадан хабардар, жаксы оқыта білетін мұғалім» деп орынды айтқан болатын. Қазіргі қоғамның жаңа жағдайында жеке адамның тұлғалық дамуына негіз болатын жалпы адамзаттық құндылықтың тірегі адамгершілік құндылық болып табылады. Адамгершілік, жақсылық, батырлық, ерлік, қарапайымдылық, кішіпейілділік, әділдік, адалдық, шыншылдық, ұяттылық, әдептілік, имандылық, инабаттылық барлығы бірмен-бірі тығыз байланыста екендігін өмірлік тәжірибелер анықтап отыр. Сондықтан да саналы да дарынды ұрпақ тәрбиелеу үшін адамгершілік тәрбиесінің маңызы зор дегім келеді.

Әсет Пазылов
«Мәшһүр-Жүсіп» мұражайының ғылыми қызметкері.
Павлодар облысы, Баянауыл ауданы.